**Шет шұғыласы,2025.-24 сәуір (№16).- 7 б.**

Еске алу

# ТАҒЫЛЫМДЫ ТҰЛҒАҒА ҚҰРМЕТ

Жаратушы белгілеп берген қысқа ғұмырда өзі үшін, отбасы ошақ қасының жарасымы мен жайлылығы үшін ғана жанталаса өмір кешіп өту пенде атаулының көбіне тән екені жасырын емес.

Алайда, сол пенденің ілуде біреуі сана биігіне көтеріле біліп, өзінен гөрі басқаның, дәлірек айтсақ, қоғамның, қоршаған ортаның, әрісі елінің мүддесін жоғары қойып, ғұмырына асыл мұраттар жүктей алады. Біздің елде де осындай ерек тұлғалар талай болған.

Сол қатарға ойланбай қоюға болатын өзіміз көрген,әріптес, мүдделес болған азаматтың бірі- ортамыздан тым ерте кетіп, өкіндірген Қайрат Ерболатұлы Биғожин еді.

Маңдайына жазылған алпыс жылдық тіршіліктің басым бөлігін, яғни бүкіл саналы ғұмырын елдік мүддеге, жас ұрпақты оқыту мен тәрбиелеу ісіне арнады. Ол осы саладағы еңбек жолын 1984 жылы «Жас техниктер» станциясының директоры лауазымынан бастады. Еңбектене жүріп, мол тәжірибе, ел алдында жақсы бедел жинай білген Қайрат Ерболатұлы аудан орталығы М.Горький, кейін академик Жамбыл Ақылбаев атындағы мектеп-гимназиясында 25 жыл ұлағатты ұстаздықпен қатар мектеп басшысы қызметін атқарды. Осы жылдар арасында аталған білім ордасының дамуы мен жаңарып, жаңғыруына еткен еңбегінің



ұшан теңіз екеніне елі куә.

Әрине, еселі еңбегі тиісті орындар мен үкімет тарапынан еленбей қалмады. Қазақстан Республикасы Білім министрінің Құрмет грамотасы, ҚР Білім саласының Еңбек ардагері, Ы.Алтынсарин медалінің иегері, ҚР Білім беру саласының Құрметті қызметкері және бірнеше мерекелік медальдардың иегері болды. Ол 2019 жылдан өмірінің соңына дейін «Қазақстандық оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім қызметкерлерінің салалық кәсіптік одағының Қарағанды облыстық ұйымы» қоғамдық бірлестігінің Шет аудандық комитеті филиалын басқарды. Ол салада да абырой биігінен көрініп, кәсіподаққа сіңірген еңбегі үшін медалімен марапатталды. Шет ауданы білім саласының Құрметті қызметкері атағын алды.

Қайрат Ерболатұлы жоғарыда айтылғандай, қашанда елге, туған ауылына қолынан келгенше пайдасын тигізуді өмірінің мәні деп білді. Ол өзі тұратын Құмжон ауылына жол салғызу, Нұра өзенінен оқушы балалар мен тұрғындардың қауіпсіз өтуі үшін сапалы көпір салдыру, тұрғындарды жарықпен, сумен қамтамасыз ету, әлеуметтік жағдай төмен отбасыларға материалдық көмек ұйымдастыру сияқты сан алуан шараларды ұйымдастыру істерінің ортасынан көрінетін. Қоғам белсендісі болды. Осындай іскерлігі мен шынайы халық мүддесін қорғаушы азамат ретінде оны 2023 жылы сайлаушылар аудандық Мәслихаттың депутаты етіп сайлады.

Әлі де арманы, көптеген елге пайдасы тиер істерді жүзеге асырауға септігімді тигізсем деген ойлары көп еді... Бірақ, тағдырдың жазуы, өкінішке орай, ол мақсаттарға жеткізбеді.

Әйтсе де елі, көзкөрген замандастары, шәкірттері, жалпы туған елі тағылымы мол тұлғасын ұмытпай әркез еске алып, өнегесін ұрпаққа үлгі етіп ұлықтайды деп сенеміз. Асыл азаматтың өмірден өткеніне бір жыл болуына орай марқұмды еске алу мақсатында өткізгелі отырған мұғалімдер арасындағы волейбол жарысы осындай игі шараның басы деп білеміз.

**Тезекбай АМАНДЫҚҰЛЫ.**